

Таким образом, анализ интеграционных процессов в Центральной Азии подтверждает гипотезу о значимости секторального сотрудничества в экономике, энергетике и водопользовании для преодоления структурных асимметрий. Теоретические подходы подчеркивают роль институциональной координации и сбалансированности в формировании устойчивого регионального взаимодействия. Индекс Интеграции Центральной Азии (ИИЦА) выявляет лидерство стран с высокой экономической и институциональной зрелостью, тогда как асимметрии ограничивают потенциал менее развитых государств. Сценарный анализ демонстрирует, что ускоренная интеграция достижима при условии создания наднациональных механизмов и диверсификации внешних партнеров, в то время как инерционное развитие или фрагментация сохраняют уязвимость.

Предложенные рекомендации способствуют минимизации дисбалансов через институциональные и инвестиционные меры. Дальнейшие исследования должны сосредоточиться на динамике асимметрий и влиянии геополитических факторов.

Список использованной литературы

1. Haas, E. B. (1958). *The Uniting of Europe: Political, Social, and Economic Forces, 1950–1957*. Stanford University Press.
2. World Bank. (2025). *CASA-1000 Project Update*. <https://www.casa-1000.org/>
3. Prebisch, R. (1970). The Structure of Dependence. *American Economic Review*, 60(2), 231–236.
4. North, D. C. (1990). *Institutions, Institutional Change and Economic Performance*. Cambridge University Press.
5. Deutsch, K. W., Burrell, S. A., Kann, R. A., Lee, M., Jr., Lichterman, M., Lindgren, R. E., Loewenheim, F. L., & Van Wagenen, R. W. (1957). *Political Community and the North Atlantic Area: International Organization in the Light of Historical Experience* – Princeton University Press. – p. 5.
6. Князев А.А. Центральная Азия в региональной политике России // Восток (Oriens). – 2019. – №3. – С. 17–26.
7. Кыргызстан увеличил госдолг до \$6.28 млрд к концу 2023 года. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://economist.kg/ekonomika/2024/03/12/kyrgyzstan-uvielichil-ghosudarstviennyi-dolgh-do-6-28-mlrd-k-kontsu-2023-ghoda/>
8. В Джалал-Абаде дали старт строительству ж/д Китай — КР — РУз. Детали проекта – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://ru.sputnik.kg/20241227/dzhalal-abad-start-zheleznaya-doroga-stroitelstvo-proekt-1091117067.html?utm_source
9. EU-funded Programme on Border Management in Central Asia holds the Final Conference of the 9th Phase – https://www.eeas.europa.eu/node/85140_fr
10. World Justice Project Rule of Law Index. Global Insights. – [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://worldjusticeproject.org/rule-of-law-index/global/2023/ranking>

ӘОЖ 377.01

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ DAҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Тусибекова Л.А., М.Құрманғалиева атындағы 32 гимназия, Ақтөбе қ., Қазақстан

Қазіргі білім беру жүйесі үнемі жаңарып, заманауи талаптарға сай болуды қажет етеді. Жасанды интеллект пен озық технологиялардың қарқынды дамуы оқушылардың оқу дағдыларын жетілдіруге мол мүмкіндік беріп отыр.

Білім – адамның ой-санасын дамытып, болашағына жол сілтейтін баға жетпес қазына. Ал сол білімнің іргетасы – оқу сауаттылығы.

Оқу сауаттылығы – бұл тек әріптерді танып, мәтінді оқи білу ғана емес, сонымен қатар оқылған ақпаратты түсіну, талдау жасау, өз ойын білдіру және оны күнделікті өмірде тиімді қолдана алу қабілеті. Бастауыш сынып – баланың оқу дағдыларының қалыптасатын ең маңызды сатысы. Егер осы кезеңде оқуға дұрыс бағыт берілмесе, оқушының кейінгі білім алу үрдісінде қиындықтар туындауы ықтимал. Сондықтан бастауыш сыныптарда оқу сауаттылығын дамыту – қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болып саналады.

Дәстүрлі оқыту тәсілдерін заманауи әдістермен тиімді үйлестіре отырып, білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыру – маңызды мақсаттардың бірі болып табылады.

Бастауыш сынып – баланың таным көзжиегі кеңейіп, дүниетанымы қалыптасатын маңызды кезең. Бұл уақытта оқушылар тек әріп танып, сөздерді оқып қоймай, мәтіннің мағынасын түсініп, ондағы ойды қабылдауды үйренуі тиіс. Алайда кез келген бала мәтінді бірден толық ұғына алмайды. *Дауыстап оқу* – бұл мәтінді іркілместен әрі әр сабаққа сай жылдамдықпен, көркем жеткізіп оқу әрекеті. Бұл әдіс көбіне 1-2-сынып оқушыларына тән. Ал іштей оқу – дауыстамай, тек көзбен оқу үдерісі. Іштей оқу 1-сыныптан бастап қолға алынады. Осыдан бастап екі оқу тәсілі де қатар жүргізіледі.

Оқушылар дауыстап оқуда меңгерген машықтарын кейіннен іштей оқуға пайдаланады (2-3-сыныптарда дауыстап оқыған материал кейін іштей оқуға беріледі). 3-сыныптан бастап оқушылар жаңа мәтінді алдын ала дайындықтан соң іштей оқуға көшеді. Бұл кезде мәтін мазмұнын терең түсінуге көмектесетін түрлі тапсырмалар беріледі: мысалы, мәтіннің желісі бойынша сурет салу, тақырып ойлап табу, бөліктерге жіктеу және т.б.

3-4-сыныптарда оқушылардың ішінен оқығанын түсінген-түсінбегенін сұрақтар қою арқылы, мәтіннің мазмұнын айтқызу арқылы, немесе негізгі сөздерді тапқызу әдісімен анықтайды.

Оқу түрлерінің қай-қайсысында да сапалы, шапшаң әрі түсініп оқу талаптары қойылады. Дауыстап оқуда бұларға қоса көркем, мәнерлі оқу да қажет. Бұл талаптар өзара тығыз байланыста іске асып отырады. Өйткені түсінбей, мәнерлеп оқи алмайды, ал дұрыс оқымаса, түсінбейді.

Дұрыс оқудың іргетасы оқып-жазуға алғашқы үйрету кезеңінде-ақ қаланады. Осы кезеңде мұғалім балаларға сөздерді жеке-жеке әріптеп оқытудың орнына, буындап оқуға баулығаны дұрыс. Алайда, балалардың сөздің сыртқы пішінін ғана емес, мағынасын да дұрыс ұғынуына басты назар аудару қажет. Егер оқушы буындап оқуда қателессе, оны бірден түзетіп, қиындық туғызған сөздерге талдау жасап отыру – дұрыс оқуға дағдыланудың маңызды бөлігі. Бастауыш сынып оқушылары оқу барысында мынадай қателер жіберуі мүмкін:

1. Әріп, буын не сөз түсіріп оқу;
2. Кейбір буындар мен сөздерді қайталап айтып, шұбалаңқы немесе ежіктеп оқу;
3. Айтуға ыңғайсыздық не әдетке байланысты бір әріпті екіншісімен шатастырып (мысалы, “онда” орнына “оңға”, “күзет” орнына “күжіт” деп) оқу.

Осындай олқылықтарды мұғалім алдын ала ескеріп, оларды түзетудің түрлі амалдарын қарастырғаны жөн. Оқушыларды дұрыс оқуға машықтандыруға бағытталған келесі жұмыстарды ұйымдастыруға болады:

1. Оқушының оқу қабілетін жетілдіріп, тұрақты дағды қалыптастыру — бұл жұмыс түрлері сан алуан: оқулықтан жеке тапсырмалар беру, тарату материалдарынан мәтіндер оқу, дидактикалық әрі көркем әдебиеттерді пайдалану және осы тапсырмаларды үйде орындауға ұсыну;

2. Қате оқылған сөздерді буынға бөліп, тағы да оқыту немесе тақтаға буындап жазып көрсету, сөзге талдау жасап, кеспе әріптермен құрастыру;

3. Қате оқылған сөзді қайта оқыту арқылы бекіту;

4. Қате оқыған жерін сыныптастарының көмегімен түзетуге мүмкіндік беру;

5. Оқушыларға жаңылтпаштар айтқызып, тілін шыңдау;

6. Назара аудару қиын немесе көзі нашар көретін оқушыларға мәтінді оқығанда сұқ саусағын пайдалануын ұсыну, бұл әдіс оқылып отырған сөзді беттен тауып, дұрыс оқуына көмектеседі;

7. Оқыған кезде орфоэпиялық ережелерді сақтауды талап ету. [3].

Оқу дағдыларының қалыптасуында оқушыны дұрыс, түсініп, жылдам және мәнерлеп оқуға тәрбиелеу аса маңызды. Бұл талаптарды жүзеге асыру және жаттықтыру әдістері мектеп тәжірибесінде әлі де зерттелу үстінде. Оқыту барысында оқу дағдысының негізгі үш бағыты - дұрыс оқу, түсініп оқу және мәнерлеп оқуды дамыту - ғылыми-әдістемелік тұрғыда айқындалуда.

Түсініп оқу дегеніміз - оқушының мәтін мазмұнын айқын және терең меңгеруі. Бұл үдеріс әрбір сөздің, сөйлемнің мәнін ашудан, мәтіннің бөлімдерін қисынды және психологиялық тұрғыдан ұштастырудан көрінеді. Оқыған ақпаратты толық түсіну оқушының мәтіндегі басты ойды анықтап, соған өз пікірін қоса алуынан байқалады.

Түсініп оқуда білім алушылардың назары шығарманың идеялық мазмұнына аударылады. Түсініп оқу барысында білім алушыларды елес, ұғым, бейне т.б. жоғары сезімдер пайда болады.

Түсініп оқу дағдысын қалыптастыру үшін алдымен оқушыларға оқуға жеңіл, мазмұны түсінікті, сюжеті анық мәтіндер ұсынылады. Оқушыларды түсіне отырып оқуға машықтандырудың бір тәсілі – алдын ала дайындық әңгімені өткізу. Сонымен қатар, мәтінге кіріспес бұрын түрлі бақылау, экскурсия немесе тәжірибе жұмыстары ұйымдастыру да оқушылардың мәтінді терең ұғынуына мүмкіндік береді. Оқығаннан кейін жүргізілетін қорытынды әңгіменің де пайдасы зор. Мәтіндегі негізгі ойды, мазмұнын толық ұғындыру үшін сөздікпен жұмыс жасау маңызды.

Осылайша, оқушыларға оқу техникасын меңгерумен қатар, білім мен тәрбие беру, тұлғалық қасиеттерін дамыту, дағдылары мен шеберліктерін жетілдіру тек оқығанын саналы түрде түсінгенде ғана мүмкін болады.

Шапшаң оқу – мәтінді асығыстықпен немесе сөз аралығын ажыратпай оқу емес, керісінше, оқығанды толық түсінуді қамтамасыз ететін лайықты жылдамдықта оқу. Егер оқушы мәтінді тым баяу оқыса, ол жалпы мазмұнын емес, кейде тіпті бір сөйлемнің мәнін де түсінбеуі мүмкін. Сондықтан оқушыларды ойланып, әрі жеткілікті дәрежеде тез оқуға үйрету маңызды. Әрқайсысының оқу қарқыны әр түрлі болғандықтан, бір минутта оқитын сөз саны да жеке-дара болады.

Жалпы, шапшаң оқу, дұрыс оқу және түсініп оқу үшеуі өзара тығыз байланысты. Тек сөзді анық, мәнін түсініп және белгілі бір жылдамдықта оқығанда ғана шапшаң оқу дағдысы толық қалыптасады.

Мәтінді шапшаң оқуға үйрету жұмыстары барлық сабақтарда қолданылғанымен, бұл дағдыны терең әрі тұрақты қалыптастыру үшін арнайы уақыт бөліп өткізу қажет. Арнайы жүргізілетін жаттығулардың бірнеше түрлері бар:

- кітаппен көз арасындағы дұрыс арақашықтықты сақтау;
- мәтінді алдын ала іштей шолып шығу;
- мұғалімнің оқудың қажетті қарқынын өзі көрсетіп, үлгі ретінде оқып беруі;
- барлық оқушыларға бірдей мәтін ұсынып, оларға бір уақытта оқуды бастап, бір уақытта аяқтауды ұйымдастыру (әр оқушы өзі жеткен жерін белгілейді, ал мұғалім олардың әрқайсысының қанша сөз оқығанын есептейді).

Шапшаң оқуға дағдыландырудың тағы бір түрі – сыныпта дауыстап оқыту. Мұндай жұмыста орындатқанда педагог білім алушыларды тақтаға біртіндеп шығарып, әрқайсысына тапсырма береді е, дауыстап оқытады (кейде әрқайсысына әр түрлі мәтін, кейде бірдей мәтін беруге болады).

Оқушыларды шапшаң оқуға үйрету үшін оларды күнделікті жоспарлы түрде оқыту қажет. Шапшаң оқу дағдысының қалыптасуы оқушылардың артикуляция мүшелерінің дамуына да тікелей байланысты. Мұғалім әр оқушының сөйлеу мүшелерінің даму деңгейін анықтау мақсатында мәтінді сыныппен бірге және жеке-жеке оқытуды ұйымдастырады. Сөз айтуға қиындық туғызатын жаңылтпаштарды үнемі қайталап айтқызу оқушылардың сөйлеуін дамытып қана қоймай, шапшаң оқуға да оң әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;

2. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат

3. С. Рахметова. «Қазақ тілін оқыту методикасы» Алматы: Ана тілі. 1991ж., 184 б.

ӘОЖ 39.396

АҚҚУ-АНА ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ КИЕЛІ БЕЙНЕ РЕТІНДЕ

Уксукбаева М.Т., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Қазақ халқының дүниетанымында табиғат құбылыстары мен жан-жануарлар ерекше орын алады. Солардың ішінде аққу – сұлулықтың, тазалықтың, махаббаттың және аналық мейірімнің символы ретінде бағаланады. Қазақтың тектік танымындағы аққу орны айрықша. Қазақ этнограф-ғалымы Серікбол Қондыбайдың пікірінше «қазақ» деген атаудың шығу тәркінің өзін аққу бейнесімен сабақтастыратын қазақ құс атаулының ішінен аққу құсына ерекше құрметпен қараған [1]. Аққу туралы бірыңғай сарындас аңыздар да жеткілікті, бірақ мифтік сюжеттер аз екенін байқадық. Оның бейнесі ғасырлар бойы халқымыздың фольклорында, ән-жырларында, аңыз-ертегілерінде көбіне ана ұғымымен сабақтастырылып, киелі нышан ретінде көрініс тауып келеді.

Аққу – тазалық пен махаббат символы. Аққу – жұптасқан соң өмір бойы бірге жүретін құс. Осы ерекшелігімен қазақ халқы оны адалдық пен шынайы махаббаттың белгісі ретінде қабылдаған. «Аққу, қаз, сұңқарлар» секілді ән-жырларда аққу махаббаттың биік символы ретінде жырланады. Оларға арналған көптеген поэмалар жазылған. Мәселен, Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» поэмасында – браконьердің аққудың бірін өлтіріп, екіншісінің оны өкшелеп қуғаны баяндалады [2]. Сондай-ақ Нұрғиса Тілендиевтің әйгілі «Аққу» күйін де еске алуға болады.

Қазақ қыздарын аққуға теңеу жиі кездеседі. Халық арасында бұл жөнінде түрлі мақал-мәтелдер, ертегілер бар. Сонымен қатар, перілер көбіне аққу кейпіне енеді. Жаңа түскен келіндерге мәңгілік махаббат пен бақыт тілеп «аққу көрпе» немесе «махаббат көрпе» деп аталатын көрпе тігіледі.

Аққу түркі халықтары үшін қасиетті құс – құстардың патшасы әрі Ұмай-ананың құсы саналады. Аққуға қатысты тыйымдар қазақ тәрбиесінде үлкен рөл атқарған. Аққуды ату, жарақаттау – ауыр күнә саналған. Мысалы, қазақта «аққуды атпа», «аққуды өлтірме» деген өсиет арқылы жас ұрпаққа мейірім, ізгілік, табиғатты аялау сезімдері сіңірілді. Қазақтар аққуды өлтіру – қарғысқа ұшырататынына, ал бұл қарғыс көбіне аянышты өліммен аяқталатынына сенген. Ұмай-ана адамдарға аңшылықта жолбасшы болып, осы құс бейнесінде көріне алатын. Сол себепті аққуды өлтіруге желгі замандарда тыйым салынған. Бұл наным-сенім аққудың киелі статусын көрсетеді. Аққуды құрметтеу – қоршаған ортаға, Жаратқан жаратқан әрбір тіршілік иесіне құрметпен қарау дәстүрінің бір көрінісі. Бұл – қазақ халқының табиғатпен үндес өмір сүргенін айғақтайтын рухани мәдениет.

Ал «Аққу» мифтік бейне ретінде, ең алдымен, түркі фольклорының мәліметтеріне жүгінсек, «аққулар» - қыздар, дәлірек айтқанда, су пері қыздары. Баба түкті де, Асан қайғы да, басқа да қазақ аңыздық-эпостық кейіпкерлері де пері қыздарына үйленіп, олардың қойған шарттарын бұзғанда, осы қыздар аққуға айналып ұшып кетеді. Міне, осы сияқты мифтік сюжеттердегі «дарияға келіп қонған аққулардың қызға айналуын» - «қысқы күн тоқырау сәті», ал «пері қызының қайтадан аққуға айналып ұшып кетуін» - «жазғы күн тоқырау сәті» деп түсіндірген [1].

Жалпы мифологияда аққу үш әлемде бір мезгілде өмір сүре алады деп есептелген: жоғарғы әлем – аспан, орта әлем – жер беті, төменгі әлем – су арқылы байланысқан жер асты [3]. Сондықтан да үш әлемді жалғастыру қабілетіне ие аққуды мифтік медиаторлар қатарына жатқызады. Ең алдымен, аққу – су мақұлығы, оның төменгі дүние тікелей қатысы бар, сондай-ақ су, яғни ана-әйел бейнесі ретінде ол барлық арғызақтық дәуірде белгілі бір шежірелік ана рөліне ие болған, сутекті бейнелерден бұл сипатқа барынша көп ие болған мақұлықтар екеу – аққу мен жылан, екеуі де түп-ана, екеуі де қыз бейнесімен ұштасып, жылан-қыз, аққу-қыз бейнелерін береді [1].

Қазақта ананы «ақ сүт берген», «асыл жан» деп сипаттайды. Аққу-ана бейнесі осы аналық мейірімділікті білдіреді. Кейбір аңыздарда ананың рухы аққу бейнесінде көрініп, баласын қорғап жүреді. Мұндай сюжеттер – халқымыздың анаға деген терең құрметінің дәлелі.

«Аққудың айырылуы» секілді аңыз-ертегілерде аққу тіпті адам кейпіне еніп, рухани тіршілік иесі ретінде сипатталады. Сонымен қатар, кейбір батырлық жырларда аққу кейпіндегі сұлулар кездесіп, олар батырға ақыл-кеңес береді.

«Нибелунгтар туралы эпоста» мынадай бір оқиға бар: хундарға аттанған бургундар Дунай жағалауында, хундармен шекарада аялдайды. Хаген есімді батыр өткел іздеуге шығып, сол жерде болашақты болжайтын аққу қыздарды кездестіреді. Осы кездесудің құрметіне бұл жер «Сванфельд» (Аққулар даласы) деп аталып кеткен [4].

Белгілі фольклортанушы Едіге Тұрсынов бұл эпизодты талдай отырып, оның түркі мифологиясынан алынған болуы ықтимал деген тұжырым жасайды [5]. С. Қондыбай дәлелдегендей, аққумен байланысты қазақ топонимдері мен этнонимдері аз емес. Қазақ ертегілері мен шежірелік аңыздарында бейтаныс жолаушының суға түсіп жатқан аққу қыздарды кездестіретін желісі кең тараған. Кейіпкер қыздардың бірінің аяқ киімін немесе құсқа тән киімін ұрлап, оны өзіне әйел болуға мәжбүр етеді. Аққу оған келседі, бірақ бірнеше шарт қояды. Ақырында, кейіпкер сол шарттардың бірін бұзып, қыз қайтадан аққу бейнесіне еніп, ұшып кетеді. Артында күйеуінен жүкті болып кеткен ұлын қалдырып кетеді [6].